

Целиноград ауданының аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

Ақмола облысы Целиноград ауданы әкімінің 2020 жылғы 24 ақпандағы № 1 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 26 ақпанда № 7688 болып тіркелді

"Азаматтық қорғау туралы" 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына, "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 756 қаулысына сәйкес, төтенше жағдайлардың алдын алу және жою бойынша аудандық комиссияның кезектен тыс шұғыл отырысының 2020 жылғы 7 ақпандағы № 1 хаттамасының негізінде, Целиноград ауданының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Целиноград ауданының аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Төтенше жағдайларды жоюдың басшысы болып Целиноград ауданы әкімінің орынбасары Қ. Ағзамұлы тағайындалсын және осы шешімнен туындайтын тиісті іс-шараларды жүргізу тапсырылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Целиноград ауданы әкімінің орынбасары Қ. Ағзамұлына жүктелсін.

4. Осы шешімнің әрекеті 2020 жылғы 7 ақпанынан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таратылады.

5. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

М.Таткеев